**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ**

**ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

21.06.2021 № 2-01-21-41828
20.05.2021 ж №ДС-186

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына**
(тізім бойынша)

**Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура карьерлерді заңсыз қазу нәтижесінде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтіріліп отырған залал туралы Сіздердің депутаттық сауалды қарады.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы заңдылықты сақтау мәселелері прокуратура органдарының қадағалау қызметіндегі басым бағыттар қатарына жатқызылған.

Келтірілген фактілер прокуратура мен уәкілетті мемлекеттік органдардың, тексерулерімен бұрын қамтылып, анықталған бұзушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылданған болатын.

Атап айтқанда, Атырау облысы Тасқала ауылы тұрғындарының «ЭлитСтройКомпания» ЖШС-нің заңсыз қызметі туралы шағымы бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзу фактілері анықталмады, осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Алматы облысында прокурорлық қадағалау актісі бойынша (а.ж. 2 сәуірде) «Новтехстрой» ЖШС жер қойнауын пайдаланушының (2006 ж. 3 қарашадағы №03-11-06 келісімшарт, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы «Балтабай-1» кен орны) қызметін санитарлық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы (кәсіпорын әкімшілік жауаптылыққа тартылды), сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға келісімшарт шарттарын бұзушылықтарды жойғанға дейін облыс әкімдігі тоқтата тұрды.

Қарасай ауданы тұрғындарының шағымдарына қатысты.

Карьерлерді қазуды жер қойнауын пайдаланушылар «Карьер Ақсай» ЖШС, «Меркур Пром» ЖШС жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт аясында жүргізеді, «УПТК» АҚ қалпына келтіру рәсімін жүргізеді (кен орындарының шекаралары 1967 ж. белгіленген).

Азаматтарға бау-бақша және жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері кейінірек берілген (1992 - 2013 ж.ж.).

Документ подготовил: Жекебаева Саида Жумакадировна, 7172536@prokuror.kz
Документ подписал: Нурдаулетов Гизат Дауренбекович, 21.06.2021 18:07:19
ИС «Қадағалау» 20171213

Алматы қаласындағы карьерге қатысты а.ж. 9 қаңтарында кең таралған пайдалы қазбаларды «Qazaq Stroy» ЖШС өз бетінше өндіру фактісі тіркеліп, ол бойынша қалалық Полиция департаментімен Қылмыстық кодекстің 334-бабы 2-бөлігімен (жер қойнауын өз бетінше пайдалану) сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Сонымен қатар, Экология департаменті (2020 ж. 15 желтоқсан) «Qazaq Stroy» ЖШС-не қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу туралы 1,9 млрд теңге мөлшерінде талап қою енгізді (сотта қаралуда).

Түркістан облысында азаматтардың шағымдары негізінде Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы (2019 ж. 11 ақпандағы хат) 2020 ж. 16 қарашаға дейін «Тұмар-XXI» ЖШС-мен шөгінді тау жыныстарын (құм-қиыршық тас қоспасы) барлауға және өндіруге арналған келісімшартты тоқтата тұрды (бөлінген аумақтың Боралдай өзенінің су қорғау белдеуінде орналасуына байланысты). Тау-кен телімінің шекаралары өзгертілген соң жұмыстарды қайта жалғастырды.

«Тұмар-XXI» ЖШС Экология департаментімен әкімшілік жауапкершілікке тартылды («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 328, 332-баптары және 139-бабының 1-бөлігімен жалпы сомасы 202 000 теңге айыппұлдар өндірілді, 2 241 600 теңгеге залал атап көрсетілді).

Жалпы, Түркістан облысы прокуратурасының қадағалау актісімен (2019 жылғы 2 тамыздағы) 9 жер қойнауын пайдаланушымен шарт бұзылып, 12 лицензия бойынша тау-кендік бөлу шекарасы өзгертілді (су қорғау белдеуінен шығарылды).

Сонымен қатар, ағымдағы жылы прокуратура Ақсу өзенінің маңында заңсыз жер қойнауын пайдаланудың 5 фактісін анықтады, олар бойынша Қылмыстық кодекстің 334-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер басталды.

Облыс прокуроры мен әкімінің басшылығымен заңсыз өндіру фактілерінің, соның ішінде Арыс және Бадам өзендерінде жолын кесу бойынша жұмыс топтары ұйымдастырылды.

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының деректеріне сай қызыл кітаптағы балық санының қысқаруы туралы мәліметтер жоқ (Түркістан мұртшасының түрі).

Ақмола облысында прокуратура өз еркімен өндірудің 21 фактісін тіркеді (барлық фактілер бойынша прокуратураның талабы бойынша Экология департаментімен тексерулер жүргізілуде).

Жалпы, анықталған фактілер елде кең таралған пайдалы қазбаларды өндірудің көлеңкелі нарығының бар екенін көрсетеді.

Ағымдағы жылы көзбен шолып қарау нәтижелері бойынша заңсыз өндірудің 88 фактісі, оның ішінде 78-і прокуратурамен анықталды (барлық фактілер бойынша тексерулер жүргізілуде).

2018-2020 ж.ж. және а.ж. 5 айында барлығы 156 заңсыз карьерлер анықталды (Жамбыл - 32, Шығыс Қазақстан - 17, Батыс Қазақстан - 6, Павлодар - 23, Ақмола – 23, Алматы - 27, Түркістан - 23, Қостанай облыстары – 3, Шымкент қаласы - 2).

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 139-бабы (жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу) бойынша аталған мерзімде 545 тұлға (2018 ж. - 178, 2019 ж. - 188, 2020 ж. - 154, 2021 ж. 5 айында - 92) 80 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салып (65 млн теңге өндірілді), әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Жер қойнауын өз бетінше пайдалану фактілері бойынша ағымдағы жылы ҚК-нің 334-бабы бойынша 19 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (2018 ж. - 54, 2019 ж. - 59, 2020 ж. - 45).

Бұған дейін, Бас прокуратурамен Мемлекет басшысының 2020 ж. 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 94-тармағын орындау шеңберінде қылмыстық қудалау органдарына жасырын тергеу әрекеттерін, жедел-іздестіру және басқа да шараларын жүргізуге мүмкіндік беретін, жазаны қатаңдату жөнінде Қылмыстық кодексінің 334-бабына түзетулерді (334-баптың 1-бөлігін қылмыстық теріс қылықтар санатынан ауырлығы орташа қылмыстарға ауыстыру) енгізу туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне ұсыныстар жолданды (2020 ж. 3 желтоқсандағы №2-010323-20-72929).

Сондай-ақ, а.ж. Әділет министрлігіне қатты пайдалы қазбаларды және кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операциялардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылау функцияларын Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне беру туралы (бұрын функциялар болып, кейіннен жергілікті атқарушы органдарға берілген) ұсыныстар жолданды (2021 ж. 22 сәуірдегі №2-01-21-26858).

Бұл шаралар көрсетілген салада заңдылықтың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, бүгінгі таңда мемлекеттік органдарда маркшейдер маманы штаты бойынша бірліктің болмауына байланысты құқық бұзушылықты анықтаудың бастапқы кезеңінде қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау проблемалық мәселе болып табылады.

Қазір заңсыз өндіру фактісін тіркеу кезінде құқық қорғау және уәкілетті органдарда заңсыз өндірілген пайдалы қазбалардың көлемін дербес өлшеудің мүмкіндігі жоқ, осыған байланысты органдар коммерциялық құрылымдардан мамандар тартуға мәжбүр.

Осыған байланысты, ішкі істер, сондай-ақ экология, геология және табиғи ресурстар министрлерін тыңдай отырып, пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру мәселесі бойынша Үкімет сағатын өткізу мәселесін қарау ұсынылады.

**Ғ. Нұрдәулетов**

орын.С.Жекебаева
тел: 71-29-87

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының тізімі:**

1. Ф.А. Қаратаев
2. К.Б. Абасов
3. С. Ж. Адамбаев
4. Б.А. Бекжанов
5. Қ.Т. Ержан
6. М.С. Елюбаев
7. А.Т.Қожахметов
8. Д.В. Колода
9. Б.С. Оспанов
10. Е.Б. Саиров
11. Е.С. Тайжанов
12. Ғ.А. Ташқараев
13. М.М. Төлепберген
14. А.С. Үйсімбаев
15. Ғ.А. Елеуов
16. Ж.А. Ахметбеков
17. Ф.Қ. Қаменов
18. А.Р. Әбілдаев
19. Б.С. Дүйсенбинов
20. А.Р. Амирханян
21. В.Г. Набиев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

21.06.2021 № 2-01-21-41828

20.05.2021 ж №ДС-186

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
(по списку)

**Уважаемые депутаты!**

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос об ущербе окружающей среде и здоровью населения в результате незаконной разработки карьеров.

Вопросы соблюдения законности в сфере охраны окружающей среды и природопользования отнесены к числу приоритетных направлений надзорной деятельности органов прокуратуры.

Изложенные вами факты уже являлись предметом проверок прокуратуры и уполномоченных государственных органов, с принятием мер реагирования.

В частности, по жалобе жителей села Таскала Атырауской области о незаконной деятельности ТОО «ЭлитСтройКомпания» фактов нарушений законности не установлено, поэтому местными исполнительными органами проведена разъяснительная работа среди населения.

В Алматинской области по акту прокурорского надзора (от 2 апреля т.г.) деятельность недропользователя ТОО «Новтехстрой» (контракт №03-11-06 от 3 ноября 2006 г., месторождение «Балтабай-1» в Енбекшиказахском районе Алматинской области) приостановлена акиматом области до устранения нарушений законодательства в сфере санитарно-эпидемиологической и промышленной безопасности (предприятие привлечено к административной ответственности), а также условий контракта на недропользование.

Относительно жалоб жителей Карасайского района.

Разработка карьеров осуществляется недропользователями ТОО «Карьер Аксай» и ТОО «Меркур Пром» в рамках контракта на недропользование, АО «УПТК» проводится процедура рекультивации (границы месторождений определены в 1967 г.).

Земельные участки гражданам для ведения садоводства и личного подсобного хозяйства выданы позже (с 1992 - 2013 г.г.).

Касательно карьера в городе Алматы сообщаем, что 9 января т.г. зарегистрирован факт самовольной добычи общераспространенных полезных

Документ подготовил: Жекебаева Саида Жумакадировна, 7172536@prokuror.kz
Документ подписал: Нурдаулетов Гизат Дауренбекович, 21.06.2021 18:07:09
ИС «Қадағалау»20171213

ископаемых (далее – ОПИ) ТОО «Qazaq Stroy», по которому Департаментом полиции города ведется досудебное расследование по ч.2 ст.334 (самовольное пользование недрами) Уголовного кодекса.

Также, Департаментом экологии предъявлен иск (15 декабря 2020 г.) о возмещении с ТОО «Qazaq Stroy» ущерба окружающей среде в размере 1,9 млрд тенге (находится на рассмотрении в суде).

В Туркестанской области на основании жалоб граждан Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования (письмо от 11 февраля 2019 г.) контракт на разведку и добычу осадочных горных пород (песчано-гравийной смеси) с ТОО «Тумар-XXI» ранее был приостановлен (в связи с расположением отведенной территории в водоохранной полосе реки Боралдай) до 16 ноября 2020 г. Работы возобновлены после изменения границ горного отвода.

ТОО «Тумар-XXI» привлечено Департаментом экологии к административной ответственности (по ст.ст. 328, 332 и ч. 1 ст. 139 Кодекса «Об административных правонарушениях ", взыскано штрафов на общую сумму 202 000 тенге, предъявлен ущерб на сумму 2 241 600 тенге).

Всего по акту надзора прокуратуры Туркестанской области (от 2 августа 2019г.) с 9 недропользователями расторгнуты договора, по 12 лицензиям изменены границы горного отвода (выведены из водоохранной полосы).

Кроме того, в т.г. прокуратурой выявлено 5 фактов незаконного недропользования вблизи реки Аксу, по которым начаты досудебные расследования по ст.334 Уголовного кодекса.

Организованы рабочие группы под руководством прокурора и акима области по пресечению фактов незаконной добычи, в том числе на реках Арысь и Бадам.

По данным Арало-Сырдарьинской межобластной бассейновой инспекции рыбного хозяйства сведений о сокращении численности краснокнижной рыбы (вида Туркестанский усач) не имеется.

В Акмолинской области прокуратурой в т.г. зафиксирован 21 факт самовольной добычи (по всем фактам по требованию прокуратуры Департаментом экологии проводятся проверки).

В целом, выявленные факты свидетельствуют о наличии в стране теневого рынка добычи ОПИ.

Только в т. г. по результатам визуального осмотра выявлено 88 фактов незаконной добычи, из них 78 прокуратурой (по всем фактам проводятся проверки).

Всего за 2018 - 2020 г.г. и 5 месяцев т. г. выявлено 156 незаконных карьеров (Жамбылская – 32, Восточно - Казахстанская - 17, Западно - Казахстанская - 6, Павлодарская – 23, Акмолинская – 23, Алматинская - 27, Туркестанская – 23, Костанайская – 3, город Шымкент - 2).

К административной ответственности по статье 139 Кодекса об административных правонарушениях (нарушение права государственной собственности на недра) за указанный период привлечено 545 лиц (2018 г. - 178, 2019 г. - 188, 2020 г. - 154, 5 месяцев 2021 г. - 92) с наложением штрафа на сумму более 80 млн тенге (взыскано 65 млн тенге).

По фактам самовольного пользования недрами в т.г. начато 19 досудебных расследований по ст.334 УК (2018 г. - 54, 2019 г. - 59, 2020г. - 45).

Ранее Генеральной прокуратурой в рамках исполнения пункта 94 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства

народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. направлены предложения в Министерство экологии, геологии и природных ресурсов (№2-010323-20-72929 от 3 декабря 2020 г.) о внесении поправок в статью 334 УК об ужесточении наказания (перевод части 1 статьи с 334 из категории уголовных проступков в преступления средней тяжести), позволяющих органам уголовного преследования проводить негласные следственные действия, оперативно-розыскные и другие мероприятия.

Также в текущем году направлены предложения в Министерство юстиции (№2-01-21-26858 от 22 апреля 2021 г.) о передаче функций государственного контроля за проведением операций по разведке и добыче твердых полезных ископаемых и ОПИ в Министерство экологии, геологии и природных ресурсов (ранее функции были, но в последующем переданы в местные исполнительные органы).

Данные меры позволят улучшить законность в указанной сфере.

Вместе с тем на сегодня проблемным вопросом является определение ущерба, нанесенного окружающей среде на первоначальном этапе выявления правонарушения ввиду отсутствия единицы по штату специалиста - маркшейдера в государственных органах.

В настоящее время при регистрации факта незаконной добычи правоохранительные и уполномоченные органы лишены возможности проведения самостоятельного обмера объемов незаконно добытых полезных ископаемых, поэтому обозначенные органы вынуждены привлекать специалистов из коммерческих структур.

В этой связи предлагается рассмотреть вопрос проведении правительственного часа по вопросу незаконной добычи полезных ископаемых с заслушиванием министров внутренних дел и экологии, геологии и природных ресурсов.

**Г. Нурдаулетов**

исп.Жекебаева С.
тел: 71-29-87

**Список депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан:**

1. Ф.А. Каратаев
2. К.Б. Абасов
3. С.Ж. Адамбаев
4. Б.А. Бекжанов
5. К.Т. Ержан
6. М.С. Елюбаев
7. А.Т. Кожахметов
8. Д.В. Колода
9. Б.С. Оспанов
10. Е.Б. Саиров
11. Е.С. Тайжанов
12. Г.А. Ташкараев
13. М.М. Толепберген
14. А.С. Уйсимбаев
15. Г.А. Елеуов
16. Ж.А. Ахметбеков
17. Ф.К. Каменов
18. А.Р. Абилдаев
19. Б.С. Дуйсенбинов
20. А.Р. Амирханян
21. В.Г. Набиев